

Қаражар орта мектебі 18 тамыз 2023 жыл

Төрағалық етуші : «Қаражар орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңес төрағасы Қуатбаев Қ.И.

Қатысушылар: Мектеп әкімшілігі, өзін-өзі бағалау комиссиясы мүшелері және қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебі мен нәтижелері тыңдау (С.Ш.Қалиев)

ТЫҢДАЛДЫ:

С.Ш.Қалиев:

2023 жылдың 14 сәуірі күнгі педагогикалық кеңесте білім беру ұйымының мемлекеттік аттестаттан өтетіндігі яғни, өзін-өзі бағалау жүргізу туралы Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің шешімі бар екендігі жөнінде айтылып, мектепте өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізуге байланысты 02.05.2023 ж. № 38-03 бұйрығы негізінде комиссия құрылды. Бұйрық негізінде тағайындалған комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін төменде көрсетілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып жұмыс жасады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы негізінде « Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 14 бұйрығымен бекітілген нұсқаулықты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсанындағы № 12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды және « Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2023 жылғы 20 ақпанындағы № 18-2-4-06/364 санды қатынасын басшылыққа ала отырып мектебімізде 2023 жылдың 2-16 мамыры аралығында мектепшілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді. Өзін-өзі бағалау кезеңі өткен екі оқу жылы (2020-2021, 2021-2022) мен ағымдағы оқу жылы (2022-2023) бойынша жүргізілді.

2023 жылдың 2 мамыры күні Департаментке «Қаражар орта мектебі» КММ 2023 жылдың қазан айында мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдағы педагогтардың және ата-аналары арасындағы білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін айқындау үшін онлайн форматта сауалнама жүргізуге өтінішхат жіберіліп, 5 мамыр күні онлайн форматта сауалнама алынды. Білім беру ұйымын бағалау «үлгілі», «жақсы», «жақсартуды қажет етеді», «төмен» балдары бойынша жүргізілді. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштердің негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, бағалау өлшемшарттарының 1-параграфы бойынша мектепке дейінгі білім берудің, 2-параграфы бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жұмыстары қаралып есепке алынды.(қоса тіркеледі)

2023 жылдың 16 тамызы күні өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия есебі педагогикалық кеңесте қаралып, барлық қатысушылар назарына жеткізілді.

СӨЙЛЕДІ:

Қуатбаев Қ.И.:

-Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебін тыңдадық. Өлшемшарттар мен нұсқаулық, әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынғандығын көріп отырмыз. Қандай құжаттар есепке алынғандығы жөнінде жоғарыда кең көлемде айтылды. Тексеру барысында бұзушылықтар кездеспеген. Білім беру ұйымының білім беру қызметі МЖМБС талаптарына сәйкес деп есептеймін.

Қомытова Б.А.:

- Жоғарыда айтылған мәселе бойынша тыңдадық. Көптеген жұмыстар жасалынған. Барлық жұмыстың есебі тиісті өлшемшарттар төңірегінде атқарылған. Білім беру ұйымының мемлекеттік аттестаттан өтуге ұсынылуға болады деп ойлаймын. Еш қарсылығым жоқ. Өзін-өзі бағалау жүргізу нәтижесі талапқа сай.









Қамқоршылық кеңесі отырысы күн тәртібіндегі мәселені тыңдап, талқылай келе қаулы етеді:

1. «Қаражар орта мектебі» КММ-нің 2023 жылдың 16 мамыры күнгі өткізілген кезекті педагогикалық кеңесінің мектепшілік өзін-өзі аттестаттау туралы қорытындысы мақұлдансын;


Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Қуатбаев Қ.И.

Мүшелері:

1. Қомытова Б.А.
2. Тақыров М.С.
3. Шалабаева Ж.
4. Рахманов М.А.
5. Талыпова Б.Ж.
6. Қарағойшин Н.Ә.
7. Байсеңгірова Ұ.Б.
8. Қожахметов Н.Т.

Хатшысы:



Кабиева А.Б.